# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қаңтар №4712-24-00-2/4608 ісі Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.А.Әбжатованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық іс қаралды:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«ALASH FOOD INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу
3) Келісім-шартты бұзу

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшы өкілі О.К.Телебаев
Жауапкер өкілдері Б.Мекенбаев, К.М.Джунусбеков, А.Б.Джуманов
Прокурор А.М.Дюсенова

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

«Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «ALASH FOOD INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 10 шілде 2024 жылы № 240273/00 санды Облыстық әкімдігі ғимаратының ішкі инженерлік жүйесін қайта құру жұмыстары бойынша жалпы сомасы 21 257 600 теңгені құрайтын Шарт жасақталған.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №14 қосымшасында көрсетілгендей, жергілікті сметаға сәйкес жұмыс көлемінің тізімі мен сипаттамасы барлық материалдар мен жабдықтар сметалық құжаттамаға

сәйкес келуі керек. Жұмыстарды орындау мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде. Бөлшектеу және монтаждау жұмыстары Орындаушының қаражаты есебінен жүргізіледі делінген. Жұмыс басталар алдында Мердігер Тапсырыс берушімен жұмыстарды жүргізу кестесін және қолданылатын материалдар тізбесін келісуге тиіс. Жұмысты білікті мамандар орындауы керек болған.

Жауапкер өз міндеттемелерін Шарт аумақтық қазынашылықта тіркелген күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде орындауы тиіс. Шарт аумақтық қазынашылықта 2024 жылғы 26 шілдеде тіркелген. Яғни жұмыстың орындалу мерзімі- 2024 жылғы 24 қазан.

Алайда, Талап қоюшы Жауапкер техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстарды орындамағаны, 2024 жылғы 29 қазанда №01-03-423 санды міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны туралы ескерту хатын жолдағаны туралы көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, орындалмаған жұмыстардың мерзімі өткен әрбір күні үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды және келісім-шартты бұзу туралы талап қою келтірген.

Сот отырысына талап қоюшы өкілі талапты қолдап, толықтай қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілдері талапты мойындамай, қарсы пікірін ұсынып, онда жауапкер өз міндеттемелерін орындағаны, аталған келісім-шарттың жүйесінде Жауапкер келісім-шартпен көзделген 48 радиатордың орынына көлемінен тыс 108 радиаторларды орнатқанын, келісім-шартқа сметамен белгіленген нормалардан тыс жұмыстарды орындағанын, келісім-шарттың сметасы бойынша жасайтын жұмыстардың соммасы 18 980 000 (он сегіз миллион тоғыз жүз сексен мың) теңге құрайтыны, ал Талап қоюшы осы жасайтын жұмыстардың көлемін және түрлерін ауыстыртса да, өзгертсе де, Жауапкер аталған 18 980 000 (он сегіз миллион тоғыз жүз сексен мың) теңге соммасына жұмыстарды орындағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуын сұрады.

Прокурор талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деп қорытындысын берді.

Сот тараптар өкілдерінің түсініктемелерін тыңдап, прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей қорытындыға келеді.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 ТАЛАП БОЙЫНША

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4,5 тармақтарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Іс құжаттарынан анықталғаны, талап қоюшы мен жауапкер арасында жалпы сомасы 21 257 600 теңгеге 10 шілде 2024 жылы «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №240273/00 санды Шарт жасақталған. Шарт талаптары бойынша аумақтық қазынашылықта тіркелген күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде, яғни 26 шілде 2024 жылы аумақтық Қазынашылықта тіркелген болса, облыс ғимаратының ішкі инженерлік жүйесін қайта құру жұмыстарын сапалы және уақытылы орындап 24 қазан 2024 жылы тапсыруы тиіс болған.

Алайда, Жауапкер «ALASH FOOD INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан техникалық ерекшелікке және сметалық құжаттамаға сай жұмыстар жүргізілмегені анықталды.

Сметалық құжаттамада жоқ жұмыстарды, атап айтқанда: 15 вентиль – 342 дана (боковой 4 дана), 20 вентиль – 16 дана, 20 пластик, вентиль – 2 дана, Пластик труба – 3 метр, Сгон – 169 дана, Отвод – 2 дана, Сбротник – 17 дана жасағаны анықталды.

Дегенмен, бұл жасалған жұмыстарға Шарт жасақталмаған, сол себептен Жауапкер бұл жоғарыда көрсетілген жұмыс көлемін орындамауы керек еді, өйткені қосыша келісім тараптармен жасалмаған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 45 бабының 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде.

Яғни жоғарыда көрсетілген Заңның 45 бабының 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілмесе, Сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жасауы қажет болып табылады.

Сметалық құжаттамаға сәйкес, жауапкер тарапынан келесідей жұмыстар: № 1 тарау бойынша: Радиаторды бөлшектеу 40 дана, Диаметрі 100 мм-ге дейінгі құбырларды бөлшектеу – 300 метр, Диаметрі 80 мм-ге дейінгі құбырларды бөлшектеу – 200 метр, Диаметрі 50 мм-ге дейінгі